



МҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№15
(2290)
Сенбі
1 наурыз
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕЛЕГАТТАРЫ ҚАЗАЛЫДА



«Біртұтас бағдарламасы да Қазақстан Журналистер Академиясының академигі, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, "Айғақ" телеарнасының директоры Дулат Әбіш бастаған делегация Қазалы ауданында болып, аудандағы бірқатар нысандарды аралады. Делегация мүшелерін аудандық

тәрбие» аясында Қазақстан Журналистер Академиясының академигі, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, "Айғақ" телеарнасының директоры Дулат Әбіш бастаған делегация Қазалы ауданында болып, аудандағы бірқатар нысандарды аралады. Делегация мүшелерін аудандық

мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш пен аудан өнерпаздары ерекше құрметпен күтіп алды. Делегация мүшелері Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында болып, аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Келбеті келісті келешегі кемел - Қазалы» атты тақырыпта кітап

көрмесін тамашалады. Сонымен қатар, Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған өңірлік археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған тарихи жәдігерлер көрмесімен де танысты.

Аралату барысында делегация мүшелеріне Қазалы ауданының құрылу тарихы мен өткеніміздің өрнекті

де көрнекті тұстары, жеткен жетістіктері мен толайым табыстарын, сондай-ақ әлеуметтік және рухани игі өзгерістері, таныстырылды.

Сонымен қатар, делегация мүшелеріне "Мырза" халықтық ұлт-аспаптар оркестрі және аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары өнерлерін ұсынды.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Мұрат Әбсұлтановтың төрағалығымен өткен мәжілісте жаңадан тағайындалған Қазалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы таныстырылды.

- Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының бұйрығымен Қазалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы лауазымына Қайырбаев Абай Арғынұлы тағайындалды.

Абай Арғынұлы ауданның салық салу саласымен етене таныс азамат, мемлекеттік қызметте сатылап өсіп келе жатырған білімді маман.

Абай Арғынұлы 1992 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген.

2014 жылы Д.А. Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университетінде

«Құқықтану» және 2019 жылы Д.А. Қонаев атындағы Евразиялық Заң академия-

сында «Қаржы» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2016 жылы



Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында мұрағатшы болып бастаған. 2017-2024 жылдары Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында жетекші маман, бас маман, бөлім басшысы болып еңбек еткен. 2024 жылдан бері Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып келді.

Абай Арғынұлы білімі мен тәжірибесін ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, әсіресе салық базасының артуына жұмсайды деген сенімдемін, - деді аудан әкімінің орынбасары.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

«ГҮЛДЕЙ НӘЗІК, БОЛАТТАЙ БЕРІК» ОБЛЫСТЫҚ ЖҰМЫСШЫ АРУЛАР ФЕСТИВАЛІНІҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ



Әйтеке би кенттік мәдениет үйінде Халықаралық әйелдер күніне және Мемлекет басшысының ағымдағы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауына орай «Гүлдей нәзік, болаттай берік» атты жұмысшы арулар облыстық фестивалінің аудандық кезеңі өтті.

Шара қонақтары алдымен мәдениет үйінің фойесіне қойылған көрмемен танысты. Еңбек адамының мәртебесін арттыру, түрлі саладағы нәзік жандардың кәсіпқойлығын, қоғамдағы жауапкершілігі мен адал еңбегін дәріптеу мақсатында өткізілген фестивальға аудандағы түрлі мекемелерден 8 қыз, келіншектер мен әйел-аналар қатысты.

Шараны аудан әкімі аппаратының басшысы Тілеп Ринат Ібайдуллаұлы сөз сөйлеп ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Фестиваль үш кезең бойынша өтіп, жұмысшы қыз, келіншектердің кәсіби дағдылары мен шығармашылық қабілеттері сыналды.

«Анаға тағзым» орталығы және «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі ұйытқы болған шара соңында барлық қатысушы қыз, келіншектерді «Сыр елі әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Байназарова Райкүл Мансұрқызы Алғыс хатпен және сыйлықтармен марапаттады.

Жұмысшы мамандықтардың қыр-сырына үңіліп, ондағы нәзік жандардың үлесі мен жетістігін насихаттауды көздеген шара нәтижесі наурыз айында «Анаға тағзым» орталығында өтетін салтанатты жиында қортындыланатын болады.

Шараны өткізуге атсалысқан аудандық әйелдер кеңесіне, Қазалы көлік-техникалық және аграрлы-техникалық колледждеріне, Қазалы ауданының білім, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдеріне, Әйтеке би кенттік мәдениет үйіне және Жастар ресурстық орталықтарына ризашылығымызды білдіреміз.

Қазалылық жұмысшы ана-аруларымызға облыстық кезеңде сәттілік тілейміз.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

«AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының ауданда орындалу барысын жүйелі бақылап отыру үшін бірқатар құрылыс, инфрақұрылым жобаларын жүргізу және тағы басқа нысандарда партиялық бақылау бекеттері қойылып, жұмыс істеп келеді. Осы мақсатта Ақтан батыр аулындағы орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстары үшін партиялық бекет жұмысын бастады. Партия филиалының Атқарушы хатшысы,



Партиялық бақылау комиссиясының мүшесі Нұрғиса Жалғасбаев пен комиссия төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сарабеков тиісті сала мамандарымен аталған ауылдарды табиғи газға қосу жұмыстарын көрді.

Мердігер мекеме «Строительная компания Орда-Құрылыс» ЖШС-мен жоба бойынша 17,5 км орта және төмен қысымды газ желісі жүргізілген. Тұрғын үйлерге дейінгі құбырларды тарту жұмыстары да аяқталған. Қазіргі таңда газ желісін сынақтан өткізу жұмыстары жүріп жатыр.

Мұнан соң, партия өкілдері Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев елді мекендеріне магистральды газ құбырларын жүргізу жұмыстарын көрді. Мердігер мекеменің өкілдерімен кездесіп, газдандыру жұмыстарының сапасына қатысты бірақтар ұсыныс-пікірлерін айтты.

ӨЗ КӘСІБІНІҢ ШЕБЕР МАМАНЫ



Білім беру саласында өз мақсатын айқындай өзі білген, шығармашылығымен

ерекшеленіп тұратын орны дара ұстаздар болады. Олар күнделікті оқу материалын түсіндіріп қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын оятып, үйренуге деген құштарлық отын маздата біледі. Ғылымды түсінікті, қызықты тәсілмен меңгертуде тәжірибесімен дараланып жүрген дәл осындай ұстаз – мектебіміздегі физика пәнінің мұғалімі Әкімова Айымкүл.

Физика – бұл Ньютон заңдары, электромагниттік толқындар, кванттық механика екені белгілі. Бірақ, Айымкүлдің сабағында ең күрделі тақырыптардың қарапайым сөздермен түсіндіріледі. Мысалы, ойын

алаңындағы әткеншекті елестетсеңіз, рычаг принципін түсіну оңай, ал ауыр заттарды суда көтеру оңайырақ деген секілді қызықты мысалдармен тақырыпты меңгеру жеңіл екенін сезінуге болады.

Айымкүл шәкірттерін қызықтырудың ең жақсы жолы – физиканың бізді барлық жерде қоршап тұрғанын көрсету арқылы түсіндіруді таңдай білген. Қызықты эксперименттер ұйымдастыру барысында ол күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарға назар аудартады. Тіпті оның сабақтарында электр тоғының қалай жұмыс істейтінін, кемпірқосақтың қалай пайда болатынын және ұшақтардың ұшу сырын ұғынып, таңданбау мүмкін емес.

Ізденімпаз мұғалімнің жетістігінің басты сыры – өз пәніне және оқушыларына деген шынайы сүйіспеншілігінде.

Ол әрқашан тақырыпты түсінбегендерге көмектесуге, оны қайта түсіндіруге, меңгерту үшін жекелей әдісті таңдауға дайын.

Көптеген түлектері оның сабақтарын ыстық ықыласпен және ризашылықпен еске алады. Айымкүлдің арқасында олардың бірі өз өмірін ғылыммен байланыстыра елестетсе, енді бірі физиканың қорқынышты формулалар емес, таңғажайып, қызықты ғылым екенін түсіне алады.

Меңгерте білетін, қызықтыра білетін және қолдай білетін ұстаз – білім әлемінің нағыз жолбасшысы. «Өз кәсібінің шебері» атанған Әкімова Айымкүл дәл сондай ұстаз! Оны барша әріптестері мақтан етеді.

Жанар КИБЕКБАЕВА,
Қ.Сәтбаев атындағы
№216 орта мектебінің
оқу жұмыстары жөніндегі
орынбасары

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық-бұл адалдық пен адалдықтың болмауы, әсіресе парақорлыққа бейімділік. Адал емес жолмен пайда табу үшін лауазымдық позицияны пайдалану. Сыбайлас жемқорлық елдің байлығының төмендеуіне және өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Сыбайлас жемқорлық сізге тікелей әсер етпесе де әсер етеді.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық сыбайлас жемқорлық жүйесінде сәтті дами алмайтын бизнеске кедергі келтіреді, бұл елдің жалпы байлығының қысқаруына әкеледі;

Біз оны жойғанға дейін сыбайлас жемқорлық жойылмайды:

- пара бермеңіз;
- жеке парасаттылық негізінде қажетті нәтижелерге қол жеткізуге тырысыңыз;
- сыбайлас жемқорлық жағдайларын жариялаңыз;
- уәкілетті органдармен олардың қолданыстағы жүйелерін ынталандыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтарды қорғайтын заңдар құру мақсатында жұмыс жүргізу;
- сіз білетін сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы уәкілетті органдарға хабарлау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және халықтың әл-ауқатын қорғау бойынша көптеген компанияларға қатысу.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Біз күнделікті қызмет барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарының қойылған талаптарын қатаң сақтап, мүлтіксіз орындап, басқа да мемлекеттік қызметкерлердің оны бұзуына жол бермеуіміз керек. Елдігімізге мемлекеттік құрылысқа елеулі қатер төндіріп отырған сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда қауіпті әлеуметтік құбылысқа айналып отыр.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Асхат МУСАЕВ,
Қазалы аудандық сотының
аға сот приставы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС УАҚЫТТА ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ҚАБЫЛДАНҒАН МОРАЛЬДЫҚ-ӘДЕПТІЛІК НОРМАЛАРЫН ҰСТАНУҒА ТИІС

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі құқық бұзушылықтарға төзбеушілік болып табылады (Заңның 4-бабы 14-тармағы).

Осыған орай, талдау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) баптарына жүргізілді.

Талдау мемлекеттік қызметшілердің Кодекстің жеке бастың құқықтарына, қоғамдық тәртіпке, имандылыққа қол сұғатын және көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтарына, сондай-ақ әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қатысты жүргізілді.

Талдау нәтижесімен,

мемлекеттік қызметшілер тарапынан қоғамдық тәртіпке, имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық аясында және көлік құралдарын масаң күйде басқару деректері орын алғандығы белгілі болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 10-тармағында мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан

қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс делінген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 10-бабына сәйкес қызметтік әдепті сақтау мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері болып табылады.

Заңның 44-бабы 1-тармағына сәйкес қызметтік әдепті бұзуы тәртіптік теріс қылық болып табылады.

Н.Ж.АЛИЕВ,
Қазақстан
Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша
Департаментінің
бас маманы

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН АЗАМАТТАР МЕН ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БЕЛГІЛЕНГЕН АЗА- МАТТАР НАЗАРЫНА!

Ауданда «Қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал етудің шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаны өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі аудан әкімдігі жанынан құрылған консультативтік кеңесші орган жұмыс жасайды.

Соған сәйкес пробация қызметі есебінде тұратындар мен жазасын өтеп келгендерге облыс әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №188 санды «Қызылорда облысының 2025 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» қаулысы қабылданып, ағымдағы жылы қабылданған қаулы негізінде жұмыстар атқарылатын болады.

Қазалы аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған жұмыссыз жүрген азаматтар ай сайын өтетін бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысуына болады.

Жәрмеңкенің өткізілетін орны, уақыты және бос жұмыс орындары туралы мәліметтер арнайы ай сайын әлеуметтік желілер мен бұхаралық ақпарат құралдарына алдын-ала беріліп тұрады.

Аталған жәрмеңкеде тиісті мамандар арқылы түрлі мағлұматтар мен кеңестер беріледі.

Қала, кент және ауылдық округтердегі пробация есебіндегі жұмыссыз азаматтар

жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін:

Жұмыс іздеп жүрген адам – бұл жұмыссыз ретінде тіркелу үшін мансап орталығына келіп немесе enbek.kz сайты арқылы тіркелуге мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар Skills.enbek.kz платформасында ([https:// skills.enbek.kz/](https://skills.enbek.kz/), тегін онлайн курстардың мазмұны қосымша кеңейтілгенін ескере отыра сұранысқа ие мамандықтарды дамыту бойынша мемлекеттік және орыс тіліндегі 849 тегін курс платформасында (барлық мамандық бойынша), оның ішінде (72 сағаттан аспайтын) 164 жұмысшы мамандықтар бойынша оқуға болады.

Жұмыссыз мәртебесі бар адамдар жұмыспен қамтуды қолдау жөніндегі мемлекеттік шараларына қатыса алады.

Атап айтқанда, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді, лайықты жұмысты табуға, қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына, алғашқы жұмыс орнына және Ұрпақтар келісім-шарты жобаларына жолдаманы алуға мүмкіндік береді.

Бұл жөнінде толық мағлұмат алу үшін бөлімнің 23-2-62, 21-9-75 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі

●Хабарландыру

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 10-бабына сәйкес 2025 жылғы 5 наурыз күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXV сессиясы шақырылады.

Сессияның күн тәртібінде «2025-2027 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады.

Сонымен қатар, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС-БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау-мемлекетіміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның іргетасын бұзатын, дамуына қауіп төндіретін, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің төмендеуіне әсер ететін, экономика- ны әлсірететін қоғамдағы жағымсыз құбылыс.

Қ а з а қ с т а н Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген және белгіленген тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соқтыратын, сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан не-

месе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер, арыздардың, уақытылы қаралып, заң талаптарына сәйкес жауап берілуі қадағаланады. Басқарма басшысы мен басшы орынбасарының азаматтарды қабылдау кестелері мен сенім телефондары бұқаралық ақпарат құралдарына жари-

яланып отырады. Тексеруші мамандар арасында заңсыз тексерулерге жол бермей, нысандардың талаптарға сәйкестігін тексеру барысында сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын-алуда өз қызметтері шегінде жұмыстарын атқаруға, қызметтерін асыра пайдаланбау жайы ескертіліп отырады. Мемлекеттік қызметшілердің кірістері, шығыстары, мүлкі және мүлктік сипаттағы міндеттемелері туралы декларацияларының уақытылы ұсынулары назарға алынған. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарының сақталуы әрдайым есте

сақталып, орындалады.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында «бір терезе» қағидаты енгізіліп, келушілерге кеңестер бейне бақылаумен жабдықталған бөлмеде жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету электрондық түрде www.e-licence.kz, [e-otinish](http://e-otinish.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ақмарал ЕСЕНЕЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
басшысының
орынбасары

«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Бабанаев Совет Кеңесұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-19.00 ге дейін Түскі үзіліс уақыты сағат 13.00-15.00 ге дейін Демалыс күндері; сенбі, жексенбі	Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №7, 2 қабат, №1 бөлме	8 (72438) 26-0-19
Нағашыбаев Муратбек Тунғышбаевич	Бөлім басшысының орынбасары	Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-19.00 ге дейін Түскі үзіліс уақыты сағат 13.00-15.00 ге дейін Демалыс күндері; сенбі, жексенбі	Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №7, 2 қабат, №2 бөлме	8 (72438) 26-0-14

АСХАНАЛАРДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Өрт-бұл әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін бәрі бірдей біле бермейді. Тіпті 101 өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда Сізге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңестердің бірі ешқашан дүрбелең болмаңыз!

Бірінші кезекте өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

-отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және т.б.);

-электр жүйесін, электр құралдарын,

электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау а п п а р а т т а р ы н ы ң жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс жасауы, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

-балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және т.б. сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнау);

-өртеу, өрт жіберу. Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112» телефондарына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

-өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз;

-өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп,

электр токтарын тиіс; ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарап, 2 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-текзауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек; -әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі

(Газетіміздің келесі саны 8 наурыз, сенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.